

О. НҰСҚАБАЕВ¹, Д. АЛТЫНБЕК¹

¹Халықаралық туризм және меймандостық университеті
(Қазақстан, Түркістан), E-mail: o_nuskabayev@mail.ru

ЖЕМҚОРЛЫҚ ЭКОНОМИКАСЫ: МӘНІ, АЛДЫН АЛУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЗАҢНАМАЛЫҚ ТҰҒЫРЛАРЫ

Аңдатпа. «Жемқорлық экономикасы» термині осы ұғым-түсініктің тар және кең мағынасында мемлекеттік құрылымдарда лауазымдық қызметтерде жұмыстанатын тұлғалардың елді гүлдендіріп, өркендетуге бөлінетін қомақты бюджеттік қаржы көздерінен жымқырып өзінің, отбасының, туған-туыстарының байуы үшін табыстануының лас, басқалармен сыбайласа әрекеттенетін пайдакүнемдік амалдарының және жемқорлықты іс-әрекеттерінің ел экономикасының дамуына тигізетін салдарының мәнін мазмұндайды.

Себебі әлемдегі ең бай адамдар табыстануға салынған алғашқы қаражат көздерін билік сатыларында қызметтеніп жүріп, жемқорлық айла-әдістерді пайдалану арқылы жинақтаған. Парақорлық амалдарды пайдаланып байыған. Олар өз елдерінің экономикасының дұрыс жұмыстануына қызмет етпеген. Тек өз қалталарын толтыруды ойлаған.

Осыдан болар жемқорлық билік жүйесіндегі лауазымды тұлғалардың байу мақсатында қызметіне орай тиісті құқықтарды пайдалануы арқылы лас, қылмыстық істерге бару құлқы ретінде анықталады.

Мақалада жемқорлық экономикасының елімізде аяқтанып, етек жайып кетпеуінің алдын алу үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қалай жүзеге асырылып келе жатқандығы талданады.

Кілт сөздер: жемқорлық, парақорлық, сыбайлас жемқорлық, оларға қарсы күрес, әлеуметтік-заңнамалық алғы шарттар, салдар тудырмау амалдары.

Кіріспе

Біріккен Ұлттар ұйымы қабылдаған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенцияда» сыбайлас жемқорлыққа төмендегідей анықтама берілген:

«Сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлғалар мен топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану».

Ал, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңындағы анықтама мынадай:

«...Мемлекеттік қызмет атқарушы тұлғалардың, сондай-ақ соларға тіркестірілген тұлғалардың өз лауазымдық өкіліктерін пайдалана отырып...пайда табу үшін...құқыққа

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:** Нұсқабаев О., Алтынбек Д. Жемқорлық экономикасы: мәні, алдын алудың әлеуметтік-заңнамалық тұғырлары // Bulletin of the International university of Tourism and Hospitality. –2024. –No4(6). –Б. 181–190. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2024-4/6.15>

***Cite us correctly:** Nūsqabaev O., Altynbek D. Jemqorlyq ekonomikasy: мәні, aldyn aludyñ әлеуметтік-заңнамалық тұғырлары [The economy of corruption: essence, socio-legislative pillars of prevention] // Bulletin of the International university of Tourism and Hospitality. –2024. –No4(6). –Б. 181–190. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2024-4/6.15>

қайшы келетін пайдакүнемдік, немесе пара алу жағдайлары».

Нақтылап айтқанда, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Ол үшін ол мемлекет белгілі бір істі атқаруға бөлген қаржыдан не жымқырады немесе басшылық қызметін пайдаланып көрсеткен қызметі үшін пара алады.

Зерттеу әдістері

Қоғамдық өмірді ізгілендіруге бағдарланған заңнамалық реттеу тәсілдері, сыбайлас жемқорлық әрекеттерді анықтау, оған қарсы күрес ұйымдастыру жолдары, жемқорлық пен парақорлыққа қолданылатын жазалардың ықтималдылығын артыру амалдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық пікірді қалыптастыру тәсілдері.

Талдаулар және нәтижелер

Жемқорлық

Жемқорлыққа қарсы іс-әрекет алдымен «сыбайлас жемқорлық» терминінің мәнін жан-жақты ұғынуға ықпал ететін, және де соған қатысты әрекеттерді бейнелейтін ұғым-түсініктердің мазмұнын анықтап алуды қажетсінеді.

«Жемқорлық» түсінігі, яғни «коррупция» ұғымы латынның «*corruptere*» (корруптнере) сөзінен туындаған аталым, ұғым-түсінік.

Қазақшасы: бүлдіру, құлдырау, параға сатып алу, азғыру, тура жолдан тайдыру, притон, құбылмалық, істі бұзу, күйреуге әкелу, бұрмалау, алдау, қорлау, ар-намысты таптау, қирату, заңнан аттап өту, шартты бұзу, мемлекетті тұралатып, қалыптасқан қоғамдық қарым-қатынасты бұзу деген сияқты мағыналарда қолданылады.

Бұлардан өзгешелеу параға сатып алу, «ірітіп-шіріту» дегендіні де білдіреді.

Ал, «жемқорлық» ұғымына жалғасқан «сыбайлас» түсінігі «біреуді ақша немесе басқалай (заттай) нәрсе беріп, «паралау» дегендінақтылай келіп, анықтай түседі.

Осы екі сөзден құралған «сыбайлас жемқорлық» ұғым-түсінігі қосындысында «жүрекке жара салып, бүлдіру, бұзу» дегенді білдіреді.

Демек «сыбайлас жемқорлық» дегеніміз осы сөздің қарапайым мағынасында жәй ғана лауазымды тұлғаны паралап, сатып алу немесе оны байыту дегенді ғана білдірмейді. Бұл ұғым-түсініктің мән-мағынасы оданда жоғары әрі салмақты.

Белгілі бір қоғамда қалыптасып, тұрақтанған саяси жүйені, оның биліктік құрылымын ірітіп-шірітіп бүлдіру, ыдырату, түп-түбінде құрдымға кетуін тездету дегенді мансұқтайды.

Өйткені мемлекеттің құрдымға кетуі өз халқының мүдделерін, елінің гүлденуін аяққа таптап дандайсыған биліктегі лауазымдық тұлғалардың пайдакүнемдік пиғылдарына сай парақорлық, сатылғыштық қылықтарының жемісі болып табылады.

Пара

Пара дегеніміз лауазымды тұлғаның басшылық қызметін пайдаланып, не ақшалай, не заттай игіліктенуі.

Десек те, пара алушы лауазымдық тұлға параны тікелей өзі алмайды. Не бір туысы, не басқа бір арадағы делдал адам арқылы алады. Не өз атындағы, не туысы атындағы жалған ұйымға аударады.

Пара үшін алынатын нәрселер мыналар:

Заттар – ақша, оның ішінде валюта, банк түбіртектері, құнды қағаздар, бағалы металдар, асыл тастар, не солардан жасалған бұйымдар, автокөліктер, өзге тауарлар, пәтерлер, саяжайлар, қала сыртындағы коттедждер, азық-түліктер, тұрмыстық техника, аспаптар, жер учаскілері, басқалай да жылжымайтын мүліктер.

Парақорлық мынадай жолдармен де көріністенеді.

Мысалыға, мемлекет есебінен, айталық бір ауданда мектеп салынуы жоспарланды, делік. Оған тендер жарияланады. Бірақ мектеп салуды жергілікті билік басшылығы «өздерінің сенімді құрылыс компаниясына аудартып береді». Неге?

Себебі, араларында жасырын келісім бар!

Құрылыс компаниясы мектепті салуға мемлекет бөлген қаражат көзінен өзара келісілген % соманы жергілікті басшылықтың жеке қалталарына құяды.

Бұдан кім ұтып, кім ұтылады?

Әрине ұтылатын мемлекет!

Өйткені құрылыс компаниясы мектепті тұрғызуға құны арзан, сапасы төмен материалдарды сатып алады. Әрі олардың сатып алу құнын жоғары сомалық бағалармен актілейді.

Осыдан мектеп жарты кем, ақаулы болып тұрғызылады. Не араға жыл салып құлап қалады, не күрделі жөндеуді қажетсінеді.

Бұл мемлекетке зиян ба? Әрине зиян!

Бұдан мемлекет ұтылып, тек пара беруші компания басшылары ғана ұтысқа шығады.

Ең жаманы авторитарлық мемлекеттерде бұл әдетті жағдайға айналған. Авторитарлық мемлекеттердің гүлденіп, көркеймеуінің бір себебі осы парақорлық қалыптан арала алмауларында жатыр!

Жемқорлықты, парақорлықты ауыздықтаудың тұғырлық алғы шарттары

Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірнеше іс-қимыл стратегиясын жасақтап алып, оған қарсы аянбай күресіп келеді.

Мысалы, Қазақстан ТМД елдері арасында алғашқылардың бірі болып сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті қолға алды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатын жасақтады. Негізгі қағидаттарын, қарсы күрестің құрылымдық тетіктерін жүйелендіріп, бекітіп алды. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылдады.

Бұл заң жаңа уақыттар талаптарына сай жаңа құқықтық нормалармен толықтырылып отырылды.

Қазіргі таңда Заң ондаған баптардан құрылымдалған. Заңда қамтылған негізгі ұғым-түсініктерге анықтамалар берілген. Заңның қолдану аясы кеңейтілген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары жаңартылып, нұсқаланған. Мақсаттары мен міндеттері белгіленген.

Іс-қимыл шаралары нақтыланып не істелуі, қалай істелуі қажеттілігі пысықталған.

Мониторинг жүйесі жасақталған. Болжамдық талдауларға орын берілген.

Ең бастысы - сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті: құқықтық, моралдық, имандылық, адамгершіліктік, құндылықтық, құзреттілік, төзбеушілік, қарсы тұрушылық, т.с.с. қалыптастыру жолдары көрсетілген.

Қаржы көздерін бақылау жолдары нақтылы жүйеленген.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңмен қатар Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметшілердің әдептілік нормалар кодексі бекітілген. «Мемлекеттік қызмет туралы» Заң да қызметтенуде. Онда мемлекеттік қызметшінің адал, әділ, қарапайым болуы, қоғамда қабылданған тәртіп ережелері мен моралдық-этикалық нормаларды сақтауы, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептіліктен аспау жолдары сипатталған.

Парақорлық және басқада құқыққа қайшы әдептерден аулақ жүрулері керектігі

пысықталған.

Жоғарыда аталған негізгі заңнамалық құзырлармен қатар Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ондаған заңнамалық актілер, ресми қаулы-қарарлар мен шешімдер, сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы құқықтық институттардың, сот жүйелерінің, жергілікті билік органдарының қызметтенулерінің ашықтығы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі БАҚ-тың рөлі туралы құжаттар қабылданған (2-7).

Дей тұрғанмен еліміз парақорлық пен сыбайлақан жемқорлық жайлаған елдер қатарынан көрінуінен әлі де арыла қоймаған.

Айталық, әлем елдеріндегі сыбайласқан жемқорлық деңгейін анықтайтын «Транспаренси Интернэшнл» құрылымының Қазақстандағы бөлімшесінің анықтауы бойынша, Қазақстанда жемқорлық пен парақорлық деңгейі жоғары. Қазақстан ұйымның 2023 жылғы қорытынды есебінде тіркеуде бар 180 елдің ішінде 92-ші орынға (100 мүмкіндіктен 39 баллдық көрсеткіш жинақтаған) жайғасқан. Бұл көрсеткіш Түркіменстан (18 балл), Тәжікстан (20 балл), Азербайжан (23 балл), Қырғызстан (26 балл), Өзбекстан (33 балл) жинақтаған көрсеткіштерден көп жоғары. Бұған не себеп болуда?

Бастысы - сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңда, сондай-ақ өзге де заңнамалық күші бар актілер мен ресми құжаттарда нақтылы көрсетіліп, нұсқаланған басты талап ескеріле бермейді. Ол талап мынау: лауазымды басшылардың экономикалық маңызы зор (жекешелендіру, акциялау, аукциондар өткізу, т.т.) шешімдерді қабылдауының ашықтығының болмауы, жасырын өткізілуі, жариялықтың жоқтығы. Ірі экономикалық-коррупциялық қылмыстар осындайдан туындауда.

Пара алу да (пара беру де) лауазымды тұлғалардың басшылық құзырын «лас» табыс көзіне айналдырып алуынан туындаған ізгілікті қоғамға жат құбылыс. Параны басшы қызметтегілер қандай «қызметтері» үшін алады?

Мұнай көзі және басқалай да шикі зат көзі бар кен орындарын немесе банкротқа ұшыраған ірі завод-фабрикаларды, фирмалады арзан бағаға шетелдік алапауттарға сатады. Олардан «еңбегі үшін» мол көлемде ақшалай пара алады.

Ақшалы қорларды иелендіргені үшін де пысақай алаяқтардан да мол көлемде пара олжалайды. Ортаң қол қызметтердегі басшылар пәтер алуға немесе жәрдем ақы алуға жәрдемін тигізгені үшін пра алуда жоғары белсенділік танытады. Бұлар, сонымен қатар, қызметке қабылдағаны үшін, үй-жай немесе сауда орнын салуға жер бөлдіргені үшін, лицензия иеленуге, өзге де жеңілдіктерге қол жеткізуге, т.т. «жәрдемін тигізгені үшін» пара алудан алдарына жан шаптырмайды.

Кәсіпорын, компания, кішігірім зауыт, фабрика, кен орындары иелері де салынатын салықты азайту үшін тексеруші тұлғаларға пара береді. Баж салығын төлемеу және кеден ережелерін орындамау үшін де тиісті бақылаушы органдарға пара ұсынылады. Мұның растамасына жыл сайын Хоргос бекетінде орын алып, айқай-шу тудырып жататын жымысқы жәйттеді мысалдауға болады. Полицейлер де жұртшылыққа белгілі болып қалғанына қарамастан, қылмыстық істі есепке тіркеуге қоспағаны үшін пара сұрайды.

Жалпы жемқорлық пен парақорлық қоғамда жоғары лауазымдық қызметтегілерден ең төменгі қызметте жұмыстанатындарға дейінгі аралықта орын алып келе жатқан құбылыс.

Құқықтық мемлекетте сыбайлас жемқорлық сияқты лас құбылыстың орын алуы ұятты нәрсе. Өйткені жемқорлық ең алдымен ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіреді.

Мемлекет үшін ең қауіптісі – сыбайлас жемқорлыққа бой алдырған жоғары шенді шенеуіктердің қылмыстық топтармен ымыраласып, әртүрлі компаниялар құрып алып, ел

байлығын арзан бағамен шет елдерге асыруы болып табылады. Бұл іске кеден, салық және құқық қорғау қызметкерлері де молынан тартылады. Сөйтіп, ірі қылмыстық топтар жасақталынып алынады. Мұндай қылмыстық топтар ел байлығын ысырап етіп, халықты аш-жалаңаш қалдырады, мемлекетті тұралатады. Мемлекетке тиімсіз инвестициялық жобаларды іске қостыртады. Шикізат көздері мен стратегиялық ресурстардың экономикалық контрабанда жолымен шет елдерге жасырын тасымалдауына жол ашып береді.

Мұндай топтар тарапынан жасалып келе жатқан сыбайластық қылмыс түрлері әлі де болса көріністенуде. Өйткені олар:

- қылмыстық жолмен құрылған коммерциялық құрылымдардан тиісті үлестерін алып отырады;
- олардың үстерінен қылмыстық іс қозғалса жасырып, жиналған мәліметтік құжаттарды жасырады немесе мүлдем жоқ етіп жібереді;
- тергеу барысына күш көрсетіп, қылмыстық істерді жаптыртып тастайды, т.с.с.

Пара алушылық, әсіресе, мұнай өндіру және өндеу саласында, энергетика, құрылыс, т.б. өте жоғары көріністенеді. Сыбайлас жемқорлықты бұқара шет елдік лас капиталдың Қазақстанға енуінің ең оңтайы жолы деп есептейді. Әрі мұны жоғары шенді ченеуіктердің ел байлығын арзан бағаға саудалап, жеке бастарының байуы үшін пайдаланатын «ең лас алғашқы капитал жинау тәсілі» ретінде бағалайды. Елдің қауіпсіздігі мен егемендігіне тигізетін кері әсері жоғары деп санайды.

Сыбайлас жемқорлық республика аумағына терроризм мен экстремизмнің енуіне де мүмкіндік тудырады. Оның дәлеліне ел ішінде әлі де болса әртүрлі діни экстремистік ұйымдардың қызметтенетінін мысалдауға болады.

Ал, мемлекеттік шенеуіктердің сыбайлас жемқорлығына былғанғандарын шетелдік барлау қызметтері оп-оңай тыңшылыққа жалдап ала алады. Әрине қорқытып, үркітіп дегендей.

Демек, сыбайлас жемқорлықты топтардың әрекеттері Қазақстан Республикасында жәй қылмыс түрінде емес, елдің қауіпсіздігіне елеулі қатер төндіретін қауіпті қылмыс ретінде бағаланып, жазалануы тиіс.

Осыны ескерген Президент Қ.Тоқаев өзінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларында сыбайласқан жемқорлықты толық ауыздықтау күнделікті күн тәртібінен түспеуі тиіс басты мәселелердің бірі ретінде атап өтіп келеді.

... Жемқорлық мемлекет пен қоғамның ірге тамрын сөгіп, ұлттық қауәпсіздікке үлкен қауіп төндіреді, мемлекеттің дамуын тежейді.

... Басты мақсат – жемқорлықты түп-тамырымен жою. Билік жүйесін жоғарыдан ең төменіне дейін сыбайласқан жемқорлық әдеттен толық арылту. Қоғамымызда тек заң мен тәртіп үстемдік құруы тиіс.

... Елімізде осы уақыттарға дейін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу керек делініп бос сөз айтылып келсе, енді сыбайлас жемқорлыққа қарсы нақты іс-қимыл жасайтын уақыт келді (Президент Қ. Тоқаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларынан).

2022 жылдың 2 ақпанында Президент жарлығымен «ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы» қабылданды.

Тұжырымдамада мемлекеттік қызметшілерге, депутаттарға, судьяларға және мемлекеттік қызметті орындауға уәкілеттік берілген адамдарға (олардың отбасы мүшелеріне) шетелдік банктерде шоттарға ие болуға шектеу енгізілді;

құнды сыйлықтар алуға тыйым салынды;

белгілі бір мекеме басшысының қарамағындағы бөлім басшылығына өз туысын қызметке алуына тыйым салынды;

сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағандар үшін шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдамауға ұсыныс берілді;

құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, судьялардың, пара алушы басшылардың және оларға пара берушілердің сыбайластық әрекеттері үшін жауапкершілігін қатаңдату керектігі негізделді;

халықтың бойына сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру арқылы қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы төзбеушілікті орнықтыру жолға қойылды;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг ұйыстырылды (құқық қорғау тәжірибесін бағалау жүйесі құрылды);

сыбайлас жемқорлық деректері бойынша хабарлама үшін ынталандыру жүйесі жұмыстандырылды (6).

Жемқорлыққа қарсы саясат тетіктерінің іске қосылуы қоғамда үлкен серпіліс туғызды. Мемлекеттік деңгейде әрекеттенетін ірі компаниялардың жұмыстарына тексерулер жүргізіліп, жүзден астам жемқорлықтың жолы кесілді. 400-ге жуық мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау ұйымдастырылды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін не істелуі керектігі туралы 300-де астам ұсыныс түсіп, оның тең жартысына жуығы есепке алынды. Сыбайлас жемқорлық деректері бойынша хабарлама жасаған 135 адам 43,9 млн.теңгеге көлемінде сыйақы иеленді. Сыбайлас жемқорлыққа қатысы барлығы анықталған 3 басшы тұлға жұмысынан босатылды, 5-і тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Сыбайластық қылмыстың алдын алу жұмыстарына немқұрайлы қараған 63 әкімшілік биліктегі мемлекеттік қызметкер, 78 құқық қорғау органдарының басшылары, 14 – квазимемлекеттік сектордың басшылары тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Бизнес және кәсіпкерлік субъектілеріне орынсыз ұрынып, бопсалауға тыйым салынды. 2022 жылы бизнес саласы орынсыз тексерген 257 актінің күші жойылды. Прокурорлар бизнеске орынсыз салынған 1,3 млрд. теңгелік штрафты орынсыз деп тапты (8).

2022 жылдың екінші жартысынан бері қарай елде Ұлттық құрылтайдың ұсынысымен аймақтық қоғамдық кеңестердің жергілікті бөлімдері жанынан сыбайластыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссиялар құрылып, жұмыстана бастады. «Ашық үкімет» порталы іске қосылды. «Қоғамдық бақылау туралы» заң қабылданды. Президент жанынан құрылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Комиссияның жұмысы жандана түсті. Жыл сайын онда министрліктер мен аймақтар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте қол жеткізген оң жетістіктері жайлы есептері тыңдалып, сыбайлас жемқорлыққа қатысты сын-қатерлерді барынша төмендету шаралары пысықталды. Негізсіз баюға жол бермеу үшін басшылардың іс-әрекеттерін бақылау тетіктерін барынша жандандыру және сыбайласқан жемқорлықтың алдын алу үшін қосымша іс-шаралар қарастыру қажеттілігі негізделді.

Мемлекет басшысы 2024 жылдың 2 сентябріндегі «Әдлетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында былай деген болатын.

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты сын-қатерлерді барынша азайту үшін тиісті басқару, бюджеттік қаржыландыру, субсидиялау, сатып алу, салық сияқты салалардағы қызметтер ашық болуы тиіс. Ол үшін аталған салалардағы қызметтердің тезірек электрондық форматқа көшірілуіне баса көңіл бөлінуі керек. Көлеңкелі экономика үлесінің жоғарылығы да қаржы саласындағы ахуалды ушықтырып тұр. Оны айтарлықтай төмендету үшін де мұқият

ойластырылған жан-жақты шаралар қабылдаған жөн. Атап айтқанда, шекарадағы кеден бекеттеріне қатысты барлық жұмысты тез арада аяқтау қажет. Сондай-ақ, сыртқы сауда операцияларынан түсетін кірістің басқа елдерге заңсыз өтіп кетуіне жол бермеу керек. Салық саласын жаппай цифрландыруды және шаруаларға несие беру үшін банктерді субсидиялауды практикаға енгізу, салық режимдерін оңтайландыру және басқа да оң бастамалар сыбайласқан жемқорлықты төмендетуге кәдімгідей мүмкіндік тудырады. Елден заңсыз шығарылған қаражаттар қайтарылу. Айлакерлік амалдармен заңды айналып өтіп, мемлекет қаржысын жымқырғандар да ұрлаған ақшаларын қайтаруда. Алдағы уақытта да құзырлы құқықтық органдардың бәрі заңға қайшы алаяқтыққа және сол сияқты басқа да заңсыз әрекеттерге қарсы батыл күрес жүргізе беруі абзал. Қоғамда сыбайласқан жемқорлыққа төзбеушілікті арттыра түсу үшін халықтың бойына жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру да басты талаптардың бірі болып саналады (1).

Ел Басшысының ерекше атап, көрсетіп бергеніндей, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция ұстану. Жемқорлықты әлеуметтік кесел ретінде танып, оған қарсы аянбай күресу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – бұл оған төзбеушілік, оған қарсы күрес, заңға қайшы жемқорлық әрекеттердің алдын алу үшін тиісті органдарды уақтылы хабардар ету, адамгершіліктен аттап баспауды үлгі етіп насихаттау, қоғамда қалыптасқан тәртіп ережелерінің сақталуына қолғабыс тигізу, сыбайлас жемқорлықтың қоғамда толық ауыздықталуына ат салысу (6).

Демек, бұқара көпшілікке сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің мәні мен мазмұнын, танымдық, практикалық және реттеушілік қызметтерін түсіндірудің маңыздылығы зор. Ел Басшысы айтқандай, азаматтық және құқықтық қоғамда сыбайлас жемқорлық та, парақорлық та болмауы тиіс.

Сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа қарсы күресте БАҚ-тың өткір жарияланымдардың үні өктем. БАҚ-тың мейлінше пәрменді әдісі сыбайлас жемқорлық пен парақорлық фактілеріне журналистік тексеру жүргізіп, қылмыстылықты анықтау, оны жариялап сыбайластыққа қарсы қоғамдық пікірді үшкерілеу болып табылады. Әрі жемқорларды қылмыстық әрекеттері үшін заң жүзінде жазалауға құқықтық негіз жасақтайды.

Демек, сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа қарсы күрестік қалыптарды БАҚ-та жүйелі жариялап отыру оған қарсы қоғамдық пікірді жандандырумен қатар, мәселені көп болып талқылап, сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың алдын алу жолдары мен амалдарын анықтауға әрі дұрыс шешім қабылдауға мұрындық болады.

Десек те қайсы бір тілшілер мен блогерлердің журналистік этика мен моральдық принциптерді сырып тастап, белгілі бір лауазымды қызметкерге өтірік жала жауып, өсектеуіне жол берілмеуі керек.

Қорыта айтқанда, соңғы төрт-бес жыл шамасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы елімізде қабылданған заңдардың, заңдық күші бар актілер мен жарлықтардың, жаңадан қосылған құқықтық нормалардың, парадигмалық тың тұжырымдамаларда нұсқаланған қағидаттардың елімізде әлі де болса орын алып келе жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әректің жандана түсуіне қосқан үлестері өте қомақты. Соларды заңды негізге алып, сыбайласқан жемқорлық пен парақорлықты ауыздықтауды Ел Басшысының, Ұлы Құрылтайдың, жергілікті аймақтарда жасақталған қоғамдық кеңестердің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссияның, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігінің, және де басқа да құқық қорғау органдарының жемісті қызметтері бұқара

көпшіліктің көңілінен шығуда.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тоқаев Қ. Ә. Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2024. – 3 қыркүйек. – № 170. – Б. 1-3.
2. Тоқаев Қ. Ә. Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру. Мемлекет Басшысы Қ. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2022. – 16 наурыз. – № 56. – Б. 1-4.
3. Тоқаев Қ. Ә. Әділетті мемлекет: Біртұтас Ұлт. Берекелі қоғам. Мемлекет Басшысы Қ. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2022. – 1 қыркүйек. – № 156. – Б. 2-5.
4. Протокол совещания под председательством Президента Республики Казахстан «О мерах по противодействию коррупции». – Астана, 2022. – 1 февраля. – 12 с.
5. Указ Президента Республики Казахстан от 26 ноября 2022 года № 101 «О мерах по возврату государству незаконно выведенных активов» // Казахстанская правда. – 2022. – 27 ноября. – № 287. – С. 1.
6. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Президент Жарлығымен 2022 жылдың 2 ақпанында бекітілген // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». – Астана, 2022. – 25 б.
7. Қазақстан Республикасының Заңы «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, сондай-ақ мемлекеттік баға реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы». – 2022. – 1 шілде. – № 136-VII.
8. Ұлттық есеп. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша 2022 жылға арналған ұлттық есеп. – Алматы: ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, 2023. – 54 б.

REFERENCES

1. Toqayev Q. Ä. Ädiletli Qazaqstan: zañ men tärtip, ekonomikalıyq ösım, qoğamdyq optimizm. Memleket Basşysy Qasym-Jomart Toqayevtyñ Qazaqstan halqyna Joldaıy [Fair Kazakhstan: law and order, economic growth, public optimism. Address of the head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan] // Egemen Qazaqstan. – 2024. – 3 qyrküiek. – № 170. – B. 1-3.
2. Toqayev Q. Ä. Jaña Qazaqstan: jañaru men jañğyru. Memleket Basşysy Q. Toqayevtyñ Qazaqstan halqyna Joldaıy [New Kazakhstan: modernization and modernization. Address of the head of State K. Tokayev to the people of Kazakhstan] // Egemen Qazaqstan. – 2022. – 16 nauryz. – № 56. – B. 1-4.
3. Toqayev Q. Ä. Ädiletli memleket: Birtütas Ūlt. Berekelı qoğam. Memleket Basşysy Q. Toqayevtyñ Qazaqstan halqyna Joldaıy [A just state: a United Nation. Blessed society. Address of the head of State K. Tokayev to the people of Kazakhstan] // Egemen Qazaqstan. – 2022. – 1 qyrküiek. – № 156. – B. 2-5.
4. Protokol soveşania pod predsedatelstvom Prezidenta Respubliki Kazahstan «O merah po protivodeistviu korrupsii».[Minutes of the meeting chaired by the President of the Republic of

Kazakhstan "On anti-corruption measures".] – Astana, 2022. – 1 fevralä. – 12 s.

5. Ukaz Prezidenta Respubliki Kazakhstan ot 26 noiabrä 2022 goda № 101 «O merah po vozvratu gosudarstvu nezakonno vyvedennyh aktivov»[Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated November 26, 2022 No. 101 "On measures to return illegally withdrawn assets to the State"] // Kazhastanskaia pravda. – 2022. – 27 noiabrä. – № 287. – S. 1.

6. Qazaqstan Respublikasynyñ sybailas jemqorlyqqa qarsy saiasatynyñ 2022-2026 jyldarğa arnalğan tüjyrymdamasy. Prezident Jarlyğymen 2022 jyldyñ 2 aqpanynda bekıtilgen [The concept of anti-corruption policy of the Republic of Kazakhstan for 2022-2026. Approved by Presidential Decree on February 2, 2022] // Qazaqstan Respublikasy normativтік qūqyqtyq aktılerınıñ aqparattyq-qūqyqtyq jüiesi «Ädilet». – Astana, 2022. – 25 b.

7. Qazaqstan Respublikasynyñ Zañy «Qylmystyq jolmen alynğan kıristerdi zañdastyruğa (jylystatuğa) jäne terrorizmdi qarjylandyruğa qarsy ıs-qimyl, sondai-aq memlekettik bağa retteu mäseleleri boıynşa Qazaqstan Respublikasynyñ keibir zañnamalyq aktılerine özgerister men tolyqtyrular engizu turaly».[The law of the Republic of Kazakhstan "on amendments and additions to some legislative acts of the Republic of Kazakhstan on countering the legalization (laundering) of proceeds from crime and the financing of terrorism, as well as on State price regulation".] – 2022. – 1 şilde. – № 136-VII.

8. Ūlttyq esep. Sybailas jemqorlyqqa qarsy ıs-qimyl boıynşa 2022 jylğa arnalğan ūlttyq esep. [National report. National Anti-Corruption Report for 2022.] – Almaty: QR Sybailas jemqorlyqqa qarsy ıs-qimyl agenttıgı, 2023. – 54 b.

О. НУСҚАБАЕВ Социология ғылымдарының докторы, профессор Халықаралық туризм және меймандостық университеті, (Қазақстан, Түркістан), E-mail: o_nuskabayev@mail.ru	Д. АЛТЫНБЕК Ізденуші (Қазақстан, Түркістан) E-mail: daulet.altynbek1@mail.ru
	29.11.2024ж. баспаға түсті 15.12.2024 түзетулермен келді 30.12.2024ж. басып шығаруға қабылданды

O. NUSQABAYEV¹, D. ALTYNBEK¹

¹University of International Tourism and Hospitality
(Kazakhstan, Turkestan), E-mail: o_nuskabayev@mail.ru

THE ECONOMY OF CORRUPTION: ESSENCE, SOCIO-LEGISLATIVE PILLARS OF PREVENTION

Abstract. The term "corruption economy" in both narrow and broad senses refers to unethical and selfish actions aimed at personal enrichment by individuals holding government positions. These individuals, abusing their authority, embezzle significant budget funds allocated for the country's prosperity and development to enrich themselves, their families, and relatives. Such actions are accompanied by corrupt schemes that harm the country's economic growth.

The reason for this lies in the fact that some of the wealthiest people in the world initially built their fortunes while holding government positions, leveraging corrupt methods. Their enrichment occurred through bribery and fraud. These individuals did not contribute to the proper functioning of their countries' economies; instead, they focused solely on filling their own pockets.

This is why corruption is defined as the inclination of officials in the system of power to use their authority for illegal and criminal actions aimed at personal gain.

The article analyzes how the fight against corruption is being carried out to prevent the establishment and spread of a "corruption economy" in our country.

Keywords: corruption, bribery, corruption, the fight against them, socio-legislative prerequisites, ways to avoid consequences.

О. НУСКАБАЕВ¹, Д. АЛТЫНБЕК¹

¹Университет международного туризма и гостеприимства
(Казахстан, Туркестан), E-mail: o_nuskabayev@mail.ru

ЭКОНОМИКА КОРРУПЦИИ: СУЩНОСТЬ, СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ПРЕДОТВРАЩЕНИЯ

Аннотация. Термин «экономика коррупции» в узком и широком смысле подразумевает нечистоплотные и корыстные действия, направленные на личное обогащение лиц, работающих на государственных должностях. Эти лица, злоупотребляя своим положением, присваивают значительные бюджетные средства, выделяемые на процветание и развитие страны, для обогащения себя, своих семей и родственников. Эти действия сопровождаются коррупционными схемами, приносящими вред экономическому развитию страны.

Причина этого в том, что самые богатые люди в мире изначально формировали свои капиталы, занимая властные должности и используя коррупционные методы. Обогащение происходило через взяточничество и махинации. Эти люди не способствовали нормальной работе экономики своих стран, их интересовало лишь наполнение собственных карманов.

Именно поэтому коррупция определяется как стремление должностных лиц в системе власти использовать свои полномочия для незаконных, преступных действий в целях личного обогащения.

В статье анализируется, как осуществляется борьба с коррупцией для предотвращения развития и распространения «экономики коррупции» в нашей стране.

Ключевые слова: коррупция, взяточничество, растление, борьба с ними, социально-законодательные предпосылки, способы избежать последствий.